

негізделген, тәжірибесі мол болған сайын бейнелеу шығармашылығының одан әрі дамуында баланың «ойы» да қызықты бола түседі. Баланың қимылы саналы сипат ала бастайды. Бұл кезеңнің маңыздысы-баланың салынған суреттен өзіне таныс затты тауып атауы емес, оның қимылдың бейнелеушілік мәнін түсіне бастауы болып табылады.

Қағазда қалам қалдырған іздерге қызығушылықтың пайда болуы мен қол қимылдарын бақылауға мүмкіндік туады, ал ол іс-әрекеттің нәтижелілігі мен үрдісіне қызығушылықты бекітуге, сонымен қатар қимылды жетілдіруге, оларды түрлердіруге және еріктің пайда болуына, саналы қайталаудың тууына әсер етеді.

Бірақ ерте жастағы бүлдіршіндердің іс-әрекетке қызығушылығы әлі тиянақты емес, сурет салуға ынтасы тек педагогтың ұсынысымен пайда болуы жиі кездеседі. Ал, алғашқы нышанның пайда болуын Е.И.Игнатъев баланың тәрбиелену жағдайымен міндетті түрде байланыстырады: «Баланың қаламмен қимылын тудыратын маңызды қоздырушы үлкендердің үлгісі, олардың сурет салуы және жазуы болып табылады. Нәресте ересектердің қолынан көрген қаламын алып қоюға тырысады. Кейде бала кездейсоқ немесе үлкендердің көмегімен қағаз бетінде бір немесе бірнеше сызықтар жүргізуі мүмкін».

Заттардың формасы, үлкендігі, нығыздығы, беріктігі және басқа да қасиеттерін бала алғашында үлкендердің басқаруымен тани бастайды. Заттар балалар үшін қоршаған кеңістікте үнемі тіршілік ететін және белгілі өзгермейтін қасиеттері бар болып көрінеді. Бала енді сол заттардың қасиеттерін тануға қызығушылық көрсетеді.

Қоршаған ортаға танымдық қызығушылығы дамымаған көптеген балалар тақырыптың топ шеңберінен шыға алмайды. Мектепке дейінгі кезеңде олар тек адамның, үйдің, ағаштың, гүлдердің суретін салады. Мұндай тар шеңберлілік баланың жалпы дамуына байланысты (баланың қоршаған ортаның алуан құбылысын көру қабілетінің дамымауы). Сонымен қатар, өзі құлына айналған біртекті географиялық құрылыстарға байланысты.

Балаларды айналасында болып жатқанның бәрі қызықтырады, олар кез-келген жаңа іс-әрекет, қимылға ынтасымен беріледі. Осыған байланысты баланың қызығушылығы үлкендерден гөрі анағұрлым бай деген пікір де жоқ емес. Бұл пікір негізді де, себебі нәресте енді ғана дүниені тани бастады. Ол үшін әр зат, оның сапасы мен өзгерісі жаңалық болып табылады, сондықтан оған бәрі де қызық. Алайда, Л.С.Выготскийдің пікірінше: «Бала мен үлкендердің қызығушылығы әртүрлі...Баланың тәжірибесі үлкендерге қарағанда анағұрлым кедей. Оның қызығушылығы қарапайым екендігі бізге белгілі».

А.Н.Леонтьевтің, А.В.Запорожецтің еңбектерінде көрсетілгендей, мектепке дейінгі балаларда уақытша, тез сөніп қалатын қызығушылық жиі кездеседі, ол бірқатар себептерге: адамның іс-әрекетіне, жарқын әсерге, қуыршақ театрының кейіпкерлеріне т.б байланысты болады. Ата-анасының кәсібі де

ойын кезінде әсерін тигізуі мүмкін. Мұндай қызығушылық түрін А.И.Божович эпизодтық деп сипаттайды.

Уақытша қызығушылықтар да маңызды қызмет атқарады, дер кезінде назарға алынған өтпелі қызығушылыққа сүйене отырып, оны тереңдету және жаңасын қалыптастыру керек.

Табысты іс-әрекет түріне қызығушылық алғашында сурет салу үрдісіне бағытталған немесе ойын үлгісіндегі конструкциялар жасау сияқты ойын қызығушылығы ретінде туындайды. Тек орта және жоғарғы мектепке дейінгі жаста ғана қызығушылық қимылдың нәтижесіне негізделіп, ойынның ықпалынан босайды. Жақсы нәтижеге жету қажеттілігі баланы өз әрекетін жоспарлауға, бақылауға үйретеді, осылайша ерікті дамытып, өз мінез-құлқын билей алуға мүмкіндік туғызады.

Сонымен қатар, әрекет нәтижесі әртүрлі балалардың табысқа жетуінің салыстырмалы негізі болып табылады. Егер де алғашында мұндай салыстырмалылықты балалар тобын қатыстыра отырып үлкендер жүргізсе, кейінірек осының нәтижесінде бала өз жұмысын салыстырып, өзінің қасиеттері мен табыстарын саналы түрде бағалай алады.

Мектепке дейінгі жасында оқу әрекеттерін саналы түрде орындау қалыптаса бастайды. Оқу әрекетінің негізгі ерекшелігі-нәтижеге жету емес, жаңа білімді, біліктілікті, бейімділікті меңгеру болып табылады.

Оқу үрдісінде баланың барлық психикалық дамуы іске асырылады десек те, алдыңғы ұрпақ жинақтаған тәжірибені жеткізуде, білім мен біліктіліктің едәуір бөлігін меңгеруде балаларға үлкендермен қарым-қатынас жасауы, олардың талаптарын, кеңестері мен тапсырмаларын орындауы үлкен әсер етеді және ойын кезінде, сурет салуда, құрастыру іс-әрекетінде үлкендердің мектеп жасына дейінгі балалармен түрлі тақырыптарға әңгімелесуі аса маңызды. Оқыту қарым-қатынастың түрлі формаларымен байланысты. Алайда, баланың даму дәрежесіне қарай ол жүйелі сипат алады. Қоғамдық мектеп жасына дейінгі тәрбие жағдайында балалар белгілі бағдарлама бойынша өткізілетін сабақтарда оқытылады. Мұнда әсіресе ойын әдістерін және табысты тапсырмалар қолдану тиімді. Мұнымен қатар, сабақта балаларға талап қойыла бастайды, бұл талаптар білім мен біліктілікті меңгерудің сапасы мен толықтығына, тәрбиешінің тапсырмасын орындау мен тыңдай білуіне байланысты. Оқу әрекетінің қарапайым элементтерін меңгеру-таным қызығушылығының негізі болып табылады.

Қоршаған орта туралы алуан түрлі мағлұматтар, үлкендердің көрсетуі мен айтулары, оның өзінің көріп-білгендері – балалардың мектепке дейінгі кезеңдегі таным сүйгіштігінің өсуінен, олардың сұрақтарының санының және сипатының өзгеруінен көрінеді. Егер 3-4 жаста тек сұрақтардың бірқатары ғана жаңа білім алуға бағытталса, ал мектеп алды кезеңде мұндай сұрақтар анағұрлым көбейіп, балалар түрлі құбылыстардың пайда болу себебін, олардың

бір-бірімен байланысын білуге қызығушылық танытады.

«Дегенмен таным сүйгіштік оқуға дайындықты, жүйелі білім алуды қамтамасыз етпейді»- дейді В.С.Мухина. «Баланың бір немесе бірнеше құбылысқа қызығушылығы қалай тез пайда болса, солай жоғалады, басқасымен ауысады». Бірақ мұндай пікір мектепке дейінгі жаста нақты қызығушылықты тәрбиелеу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Кейбір жағдайда мектеп жасына дейінгі балаларда бөлшектелінген және тиянақты қызығушылықтар байқалып, білімді меңгеруде таңқаларлық табыстарға жеткізіп жатады. Сонымен қатар, мектеп алды топ балаларында тиянақты қызығушылықты тәрбиелеу мүмкіндігін мектепке дейінгі педагогика саласындағы Г.А.Куликовтың, Л.М.Маневцованың, Е.Ф.Рыбалконың тәжірибелік зерттеулері көрсетіп отыр. Әдетте, балалардың тиянақты танымдық қызығушылығы жақсы ұйымдастырылған оқыту жағдайында мектепке дейінгі жастың соңына қарай пайда болады.

Р.И.Жуковская тиянақты қызығушылықтың пайда болуының шарттарына есте сақтау қабілетінің жақсылығын, назардың жинақтылығын жатқызады. Шындығында, педагогтар есте сақтау қабілеті төмен балаларды байқамауы мүмкін, олардың бастауымен ойын ойналса немесе басқа да қимыл жасалса, тәрбиешілер бұл балаларда қызығушылық бар, ал басқаларында жоқ деп түсіндіруі мүмкін. Іс жүзінде балалардың қызығушылығының дамуы олардың есте сақтай алу қабілетіне тікелей байланысты. Тиянақты танымдық қызығушылықтың қалыптасуында негізгі рольді мектепке дейінгі оқу мазмұны атқарады. Егер сабақта балаларға бөлектенген, бөлшектенген мағлұматтан гөрі, белгілі білім жүйесі берілсе, ол балаларға құбылыстардың қатынасының негізін ашып, әр салаға тән шындықты түсіндірсе, барлық балаларда қажетті дәрежеде қызығушылық пайда болатындығын зерттеулер көрсетіп отыр. Балалар осындай жалпы зандылықтармен танысқан кезде, бұлардың жекелеген жағдаяттарда көрінуіне үлкен қызығушылық танытады, қоршаған ортаны жаңаша танып, көре бастайды. Оқу- дара жаңалықтар ашу жолы екендігін түсінеді. Тиянақты және бөлшектенген танымдық қызығушылық балаларды оқуға ынталандырады, үнемі жаңа білім алуға жетелейді. Оқи алу мүмкіндігін ең алдымен оқу тапсырмасының мәнін түсіну, оларды үйрену үшін, ал оқу тапсырмасын тәжірибеден, өмірлік жағдаяттардан айыра білу үшін орындайды. Оқу тапсырмасының мәнін түсіну балалардың ересек берген амалдардың орындалу әдісіне көңіл бөле бастауына, бұл әдістерді саналы түрде меңгеруге тырысуына әкеледі. Ғалымдар пәндік бағыттағы қызығушылықтың анағұрлым ерекшелігін анықтап отыр. Бір балалар сурет салуды ұнатса, екіншілерін құрастыру ойындары қызықтырады, ал үшіншілеріне бейнелеу өнерінің бірнеше түрімен айналысу ұнайды. Г.М.Титаренко, А.Г.Хрипкова, Д.В.Колесов сияқты ғалымдар өз еңбектерінде мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің түріне қыздар мен ұлдардың қызығушылығы ұқсас еместігіне, яғни тақырыптық қызығушылық айқын

көрінетіндігіне айрықша көңіл бөледі. Қыздардың бейнелеу шығармашылығында басты назары-адам, оның қоршаған тікелей заттық ортасы: киімі, қажетті заттары, үй жиһаздары. Сонымен қатар әсіресе өздері отбасынан табатын бейбіт суреттерге, табиғатқа қызығушылық, зергерлік бұйымдарды жақсы көру, әсем киімдерді сүю болып табылады. Мұның бәрін қыздар өз жас дамуына қарай талдап, меңгереді. Ал балаларды қызықтыратын сыртқы ортадағы нысандар әрі үлкен, әрі кең. Оларды қозғалған, тасыған, қимылдаған нәрселердің барлығы қызықтыратын болғандықтан, олар тасымалдау көліктеріне қызығушылық танытады: ұшақтар, поездар, теплоходтар. Ер балалардың көбі отандық және шетелдік автомобильдердің маркаларын дұрыс танып, олардың кескінін жасауға бейім болады. Есесіне күнделікті тіршілік олардың назарынан тыс қалады. Мектепке дейінгі жастағы ұл балаларға әсіресе саяхаттау, қызықты оқиғалар, таңғажайыптар күнделікті үй тіршілігінен гөрі маңызды болып көрінеді. Бірақ бұл айтылғандар әрқайсысының жеке ықыласын жоққа шығармайды. Олардың әрқайсысының өзінің ішкі дүниесі бар, олар кейде кең және алуан түрлі болып қабылданса, кейбірінде тар шеңбермен шектелуі мүмкін.

Қызығушылық пен ықылас берушіліктің пайда болуы туралы сұраққа бір жақты жауап табу қиын. Олардың көңілінің бір нәрсеге аууына үлкендер немесе достары әсер етуі мүмкін, ал бала болса өзі де байқамай соған бой ұруы ықтимал. Белгілі бір қызығушылық тууына кез келген нәрсе: кітаптар, картиналар, теледидардан көргендері негіз бола береді. Содан кейін салған суреті жақсы шығып жатса, оны қайталай отырып, солай бейнелеуге дағды қалыптасады. Осылайша, балалардың мектепке дейінгі шағында бейнелеу шығармашылығына қызығушылығының қалыптасу генезисін бақылау барысында теориялық әдебиеттерге талдау жасай отырып мынадай ұйғарым жасауға болады: бейнелеу әрекетіне қызығушылықтың пайда болуы балалардың жас ерекшелігіне қатысты емес, үлкендердің басқаруымен әлеуметтік тәжірибені меңгеруіне байланысты. Осыған орай, әр баланың өз қызығушылығы әртүрлі уақытта пайда болады және үлкендердің іс-әрекетін бақылауына (үлкендердің жазуы, сурет салуы), қағаз бетінде қаламнан қалған ізді бақылауға, яғни баланың таным сүйгіштігі оның тәрбиелену ортасына байланысты. Ересектер ұйымдастырған пәндік ықпал арқылы балада сол пәннің қасиетіне қызығушылығы пайда бола бастайды. Сурет салуды бірнеше рет қайталау барысында бала қызығушылығы біртіндеп іс-әрекет үрдісіне және нәтижесіне ауысады. Ал мектепке дейінгі жастағы балалардың дайындық тобының қызығушылық сипаты өзгереді, олар тиянақтылау, саналылау бола түседі. Егер кішкентай нәрестелерде қызығушылық саналы емес, еріксіз және мақсатсыз болса, жоғарғы топ балаларында дұрыс тәрбие нәтижесінде ерікті, мақсатты қызығушылық қалыптасады. Шығармашылықтың тиімді түрлеріне ойын арқылы бейне жасау үрдісіне бағыттау-жоғары топ балалары арасында іс-әрекеттің

нәтижесіне айналады. Бұл әсіресе мектепке дейінгі жастағы баланы еркін дамытуға, өзінің мінез-құлқын тәрбиелеуге, өзін-өзі шынайы бағалауға және өз бойындағы жеке санасы мен жетістіктерін дұрыс сезінуіне үлкен әсер етеді.

Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың бейнелеу өнеріне (сурет салу, мүсіндеу, аппликациялар, құрастыру ойындары) қызығушылығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық мәселелерін ашып көрсететін теориялық әдебиеттерді және кейбір эксперименттік зерттеулерді талдау бізге мектепалды топтарында психодиагностиканың жүйесін балаларда көркемдік қызығушылықта қалыптастыру моделін ойлап шығаруға мүмкіндік берді.

1. Бекасылова Н. Аса дарынды балалар «Отбасы және балабақша журналы» №6, 2003 ж
2. Бұғыбаева И. Даярлық класта «Бастауыш мектеп» журналы №1, 1986ж
3. Капустина Р.И. Обучение детей дошкольного возраста изображению объектов окружающей действительности Шадринск, 1988 г
4. Кәрібозова Л, Майтина Р. Бейнелеу әрекетіне қызығушылықты дамыту «Отбасы және балабақша» №1, 2003ж
5. Комарова Т.С. Изобразительная деятельность в детском саду: обучение и творчество Изд. «Педагогика», 1990
6. Мухина В.С. Изобразительная деятельность ребенка как форма усвоения социального опыта. Москва: Педагогика, 1981г
7. Рахымжанова Д. Мектеп жасына дейінгі балалардың творчестволық қабілеттерін дамыту «Семья және балабақша» №8, 1991ж.

М. Сагындықова

ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ ДАМУ

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы біздің алдымызға мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту мақсатын қойып отыр. Еліміздің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, қазақ тілін жетік меңгерген, сондай-ақ «... мемлекеттік тілді кәсіптік қызмет бабында, ақпараттық-аналитикалық жұмыс барысында қолдана алатын жоғары білікті офицер мамандарды дайындау» [1,17] - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Академиясы мемлекеттік тіл кафедрасының алдындағы маңызды міндет болып табылады. Осы орайда, Академияда жаңа оқу жоспарларына көшу, білім мазмұнын жан-жақты жетілдіріп, жаңа типтегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бағдарлама талаптарына сай, ұлттық қауіпсіздік органдарының болашақ қызметкерлерін даярлауда тыңдаушылардың кәсіби сөйлеу тілін пәнаралық байланыс негізінде дамыту жұмыстарына тоқталайық. Алдымен пәнаралық байланыс мәселелеріне арналған зерттеулерге назар аударсақ, педагогика тарихында пәнаралық байланыс проблемасын Я.А.Коменскийден бастап, К.Ушинский, XX ғасырдың 60-шы жылдары И.Зверев, В.Максимова, Қазақстанда Р. Лемберг, И.Нұғманов, А.Бейсембаева, 90-шы жылдары Р.Аббасова, Р.Лотштейн, Н.Оразқынова, Т.Шолпанқұлова сияқты ғалымдар зерттеген. Әдіскер-ғалымдардың пайымдауынша: «Пәнаралық байланыс дегеніміз - оқу үрдісінде тұлғаның қорытынды жасауын, білімнің бір жүйеге келтірілуін, ынтасын, жалпылау біліктілігінің, дағдысының, ең соңында біртұтас ғылыми дүниетануының қалыптасуын жүзеге асыратын пәндердің мазмұндық және құрылымдық элементтерінің қызметі» [2,11].

Тәжірибеміздегі тыңдаушылардың кәсіби сөйлеу тілін дамыту жолдарын кафедрааралық байланыстар негізінде қарастырайық. Ұлттық қауіпсіздік органдары болашақ қызметкерлерінің мамандықтарымен тікелей байланысты өтілетін тақырыптар Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес», «Есірткі бизнесіне қарсы күрес», сондай-ақ «Терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрес» туралы Заңдарын қамтиды.

Тыңдаушылардың құқықтық пәндерден алған білімдері жан-жақты іс-тәжірибелік және теориялық мәліметтерден тұрады. Мемлекеттік тілді оқыту бағдарламасында көрсетілген міндеттердің ішінде тыңдаушылардың өз кәсіби қызметтерінде заң және құқық терминдерін білікті пайдалана білу қажеттілігі атап көрсетілген.

Пәнаралық байланыстың ең негізгі міндеті – оқыту үдерісінің білім беру, тәрбиелеу, сонымен қатар дамытушылық сипаттарының арасындағы заңды байланысты құру болып табылады. Мысалы, «Қазақстан Республикасының Сот және Прокуратура органдары» тақырыбын алсақ, тыңдаушылардың құқықтың әр түрлі саласы: азаматтық құқық, қылмыстық құқық, қаржы құқығы, т.б. салалары бойынша алған білімдерін қазақ тілі сабағында әрі қарай дамытуға, логикалық ойлау қабілеттерін, дүниетанымдарын тереңдету мүмкіндігі пайда болады. Мұндағы пәнаралық байланыс оқу материалдарын игерудің белгілі бір жүйемен жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Тыңдаушылардың танымдық белсенділіктері қазақ тілі сабағындағы жаңа материалды, атап айтқанда тақырып бойынша кәсіби лексиканы меңгеруде, өз бетімен жұмыс жүргізу барысында құқықтық пәндерден алған білімдерін пайдалана білулері арқылы

танытылады. Сонымен қатар, білім алушылардың құқықтық пәндерден алған білімдерін тез, орынды пайдалану нәтижесінде, мысалы заңдардың жеке-леген баптарын талқылау барысында мәселеге қатысты өз ойларын қазақ тілінде білдіру, көзқарастарын дәлелдей білу, сын көзбен қарау арқылы логикалық ақыл-ойлары жетілдіріле түседі.

Тыңдаушылардың құқықтық пәндерден алған білімдері мен тәжірибелеріне сүйеніп оқыту нәтижесінде сабақтың құндылығы, маңыздылығы арта түседі. Оқу үдерісін жандандырып, заң, құқық терминдерін жоғары дәрежеде қабылдап, пәндер арасындағы дидактикалық байланыстардың өзара әрекеттестігін қамтамасыз етеді. Пәнаралық байланыс жаңа материалды бекітуді түрлендіруге, жаңаны ескімен салыстырып, негізгі мәселені таба білуге дағдыландырады, логикалық ойлау қабілеттерін дамытады.

«Қазақстан Республикасының Сот және Прокуратура органдары» атты тақырыппен жұмыс барысында ең алдымен осы салаға қатысты заңдармен жұмыс жүргізіледі. Атап айтқанда, сот жүйесіндегі негізгі тақырыптық ұғымдар мен тіркестерге, мысалы Жоғарғы сот, аудандық, қалалық, әскери соттар, алқабилер соты, сот орындаушысы, Прокуратура органдары сияқты мәселелерге назар аудартылып, кәсіби терминологияны меңгерту мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді.

Бұл тақырып конституциялық құқық, мемлекет және құқық теориясы пәндерімен тығыз байланыста қарастырылады. Еліміздің сот жүйесінде болып жатқан реформалар, қазақтың билер соты, соңғы кезде, атап айтқанда, 2007 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының алқабилер туралы» Заңының жеке-леген баптарымен танысу нәтижесінде тыңдаушылардың кәсіби сөйлеу тілі ұстартылып, танымдық қабілеттері дамып, өз ой-пікірлерін еркін, дәлелді түрде жеткізе білу дағдылары қалыптасады. Тыңдаушылардың сөйлесім дағдыларын қалыптастырудың үлгісі ретінде оларға төмендегі қанатты сөздер бойынша өзара пікірлесуді ұсынуға болады. Мысалы, «Жазылмаған кейбір заңдар, жазылған заңдардан да қатаңырақ», «Екі жақты тыңдап алмай қабылданған шешім әділетті болған күнде де әділетсіздік туғызады», «Тура биде туған жоқ» т.б. Тарихтан бастау алатын билер сотының қазіргі кездегі көрінісі – алқа билер жүйесіндегі сот болып табылады. Алқа билер соты, ең алдымен, жеке адамның құқығының қорғалу кепілдігінің басым болуын көздейді.

Тақырып бойынша кәсіби терминологияны меңгерту барысында құқықтың әр саласына тән ұғымдармен жүйелі жұмыс жүргізіледі. Сөздер мен сөз тіркестерінің антонимдік, синонимдік қатарларын игертумен қатар, ойтүрткі мәселелер, жағдаяттық тапсырмалар арқылы тіл үйренушілердің кәсіби сөйлеу тілін дамыта аламыз.

Кәсіби тілді әдеби тіл нормалары мен заңдылықтары тұрғысынан қарастыратын болсақ, оның әдеби, ұлттық тілдің бір бөлігі екендігін және құрамында белгілі бір мамандықтың негізгі ұғымдарын

білдіретін терминдер бар екендігін байқауға болады. Мысалы, құқықтың түрлі саласын алып қарастырсақ, азаматтық құқықта: талапкер, азаматтық іс, азаматтық мойынсұнбау, сенімхат, авторлық құқық т.б.; қылмыстық құқықта: қылмыстық іс, жаза, кінә, пара, рақымшылық, ұрлық, бұзақылық, алаяқтық, қажетті қорғаныс; қаржы құқығы саласында: қаржы жүйесі, ұзақмерзімді несие, жинақтаушы қор, ақша бірлігі, банк жүйесі т.б.

Кәсіби лексикамен жұмыс барысындағы пәнаралық байланыстың маңызы зор, себебі тіл үйренушілердің құқықтық пәндерден алған білімдеріне сүйеніп оқыту нәтижесінде олардың кәсіби тілдерін әрі қарай дамытуға қол жеткізіледі.

Кәсіби лексиканы оқытудың басты мақсаты – болашақ мамандарды қызметтерінде қолданатын лексикамен жақын таныстыру, сөйлеу, жазу, оқу дағдыларын қалыптастыру. Кәсіби лексикамен жұмыс жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Лексиканы игеру арқылы тіл үйренуші сол тілде ойлау және сөйлеу әрекетін дамытуға мүмкіндік алады.

Қазіргі кездегі әлемді алаңдатып отырған терроризм мен діни экстремизм мәселесі ерқашан құқық қорғау органдарының назарында. Құқықтық жағынан алып қарастырғанда, жаңа діни қозғалыстардың мәні адамның бостандығын, ар-намысын қорлау, тұлғаның құқықтарын аяққа басып, таптау әрекетінен байқалады. Мұндай қозғалыстар еліміздің Конституциясына, қолданыстағы заңнамасына, оның ішінде дін және мемлекеттің өзара қарым-қатынасына қатысты теріс көзқарас, пікірде болып, құқыққа қарсы әрекет жасап, тіпті қылмыстық әрекетке дейін барады.

Мамандандырылған жоғары оқу орны болып табылатын ұлттық қауіпсіздік комитеті Академиясында терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрес саласы үшін мамандар дайындау барысында терроризмнің табиғи тарихы, негіздері, ерекшеліктері, мақсаттары, әдіс-айлалары, тәсілдері, адамзатқа, қоғам, мемлекетке орны толмас зиян-зардап әкелетіні, терроризм мен экстремизмге қарсы қауіпсіздік органдарының нақтылы іс-шаралары, күш пен құралдары, әдіс, әдістемелері, сондай-ақ халықаралық терроризм мен террорлық ұйымдардың нақтылы құрылымдық әрекеттері туралы терең, жан-жақты іс-тәжірибелік және теориялық мәліметтерді қамтитын дәрістер беріледі.

Тыңдаушылардың кәсіби сөйлеу тілін «Терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрес» тақырыбы бойынша дымытуды ұлттық қауіпсіздік салаларымен ұштастырып қарастырайық. Тақырып көлеміндегі кәсіби лексика мен кәсіби терминологияны меңгерту тіл дамытудың негізі болып табылатындықтан, оқу үдерісінің алғашқы кезеңдерінен бастап жүзеге асырылады.

Тақырыпқа қатысты сөздік қордың негізгі бөлігін 1999 жылы 13 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының «Терроршылдыққа қарсы күрес туралы» Заңындағы негізгі ұғымдар, терминдер, мәтіндер құрайды.